

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік нышандары

№ 81 орта мектебінің А.Ә.Д.
пәнінің
оқытушы- ұйымдастырушысы
Динахметов Жомарт



Отан үшін отқа түс -
күймейсін. Б. Момышұлы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары



Менің Отаным – Қазақстан.



Мемлекеттік Гимн.

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қ а й ы р м а с ы.
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досыңдай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай.

**Қазақстан-көк байрағы желбіреген
тәуелсіз мемлекет**



ҚР Конституциясы 34 бап. 2 бөлім. Әркім Республикасының мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті.

Қ.Р Конституциясы 36 бап. 1 бөлім. Қ.Р қорғау – оның азаматының қасиетті парызы және міндеті.

Жылдар сөйлейді

□1991 жылы 16- желтоқсанда «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды.

□1991 жылы 1 -желтоқсандағы жалпыхалықтық сайлауда Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

□1991 жылы 10 қазан.Қазақ халқының тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа самғады.

□1992 жылы 4-маусымда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің сессиясында Республикамыздың Туы, Елтаңбасы, Гимні қабылданды.

□1993 жылы 15- қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық ақшасы-Теңге айналымға енді.

□1994 жылы ғарышкер Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшты.

□1995 жылы 30-тамызда жаңа Ата Заңымыз қабылданды.


□ 1997 жылы 10-желтоқсанда астанамыз Астанаға көшірілді.

□2006 жылы 7-қаңтарда жаңа Гимн қабылданды.

1991 жылы 1-желтоқсандағы жалпыхалықтық сайлауда Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

Өмір жолы

Н.Ә.Назарбаев 1940 жылы 6-шілдеде Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында туған. Орта мектепті бітіре салысымен сол жылдары Кеңес Одағындағы аса ірі Қарағанды металлургия комбинатының құрылысына аттанды. Ол Қазақстан Үкіметін басқарғанда 44 жаста еді.





Еліміздің Туы. Елтаңбасы. Әнұраны. Конституциясы қойылған орын. ҚР Президенттік мәдениет орталығы.

**1992 жылы 4-маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер:
Елтаңба, Ту, Әнұраны бекітілді.**

Қазақтың біртуар
Батыр ұлы -
Бауыржан Момышұлы



1 – Мәтін

Бауыржан Момышұлы Ташкент қаласынан қайту үшін вокзалға келеді. Вокзал алды жолаушыларға толы.

Бауыржан аталарыңның үстінде полковник шеніндегі әскери киім болатын. Сәл жүргеннен кейін аяқ астында жатқан бір тиынды көреді. Еңкейіп жерден алады да жеңімен әлгі тиынды сүртіп қалтасына салады. Мұны жанынан өтіп бара жатырған орыс әйелі көреді де, батыр бабаларын

Бауыржанға « Өзіңіз қандай полковниксіз, ақшасыз адам сияқты жерден еңкейіп бір тиынды алуға арланбайсыз ба? Ұят емес пе, жұрт не ойлайды? – деп өз ренішін білдіреді.

Бауыржан әлгі әйелге бұрылып қарап , тиынды ақша керек болғандықтан емес, сол тиын арқылы өзінің азаматтық борышын атқарғанын айтты. Ал әлгі орыс әйелі Бауыржан аталарыңнан қайта – қайта кешірім сұрап жөніне кетеді.

Сұрақ: Бауыржан жерден тиынды неге алды және қандай азаматтық борышын өтегені туралы айтты?

Жауабы: Елтаңба.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы



Елтаңбаның негізгі арқауы болып тұрған-шаңырақ.

Шаңырақ-киіз үйдің күмбезі.

Ол күн бейнесін, уықтары одан тарап жатқан алтын сәулелерді елестете-теді.

Елтаңбадағы тұлпар бейнесі-дала Пырағы, оның ғажайып шапшандығы ер жігітті жеңіске, тәуелсіздік-ке, бостандыққа жетелейді.

Елтаңбаның маңдайшасына бебұрышты жұлдыз –таңмен бірге туатын Шолпан жұлдызының белгісі. Халқымыздың “Бағымыз ашылып, жұлдызымыз жарқырай берсін” деген асыл арманынан туған.

Елтаңбаның төменгі бөлігінде-ел аты “Қазақстан” деген жазу бар.

Мемлекеттік Елтаңба

*Туға, мөрге, металл ақшаға,
мемлекеттік
ғимараттарға*

*Республика Президентінің
жұмыс бөлмесінде, Пар-
ламент мәжілістері өтетін
залда*

*Орталық және мемлекеттік
мекемелерде, Қазақстанның шет
елдегі елшіліктерінің үйіне
орнатады*

*Мемлекеттің шекарасындағы
бағанаға салынады*

ШОТ-АМАН ҮДІРЫСҰЛЫ УӘЛИХАН



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген сәулетші, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері, Белгілі қоғам қайраткері.

1932 жылы Көкшетау облысының (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы) Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында туған. Мәскеу архитектуралық институтын бітірді. "Қазақ қала құрылысын жобалау" институтының қызметкері, Алматы қаласының бас сәулетшісінің орынбасары, Қазақстан Сәулетшілер одағы басқармасының төрағасы болды. Республикалық тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамының төрағасы.

Негізгі шығармашылық жұмыстары. Алматыдағы Шоқан Уәлиханов (1969), Әліби Жангелдин (1975), Тоқаш Бокин (1977) ескерткіштері, "Динамо" стадионы құрылысының (шығармашылық топ құрамында) жобалары.

Алматыдағы Тәуелсіздік монументі авторлар тобының жетекшісі (1998).

ЖАНДАРБЕК МӘЛІБЕКҰЛЫ МӘЛІБЕКОВ



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы, Өзбекстанға еңбегі сіңген сәулетші.

1942 жылы Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келді. Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Ташкент қаласындағы ғылыми-зерттеу жобалау институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетші.

Өндіжан қаласындағы әуежай, Ташкенттегі Үкімет қонақ үйі, Ферғанадағы облыстық пошта, Самарқандтағы облыстық әкімшілік үйі, драма театры мен орталық кітапхана ғимараттарын, Ангрен, Ферғана және Самарқанд қалаларындағы бірқатар тұрғын үй аудандары құрылысын жобалауға қатысқан.

Қазір Астанада тұрады.

І І – мәтін.

Ұрыс даласында жау қоршауында қалған бөлімнің , қоршаудан шығу мүмкіндігі жоқ. Ұрыс сәл саябырлап , айналада тыныштық орнаған сәтте, бөлім командирі сенімді жауынгерлерді іріктеп, оларға тапсырма берді. Жауынгерлер өздеріне тапсырылған матаны көйлек ішінен белге орап алып, жау қоршауынан шығып орталыққа жеткізді.

Сұрақ. Бөлім командирінің тапсырмасы қандай еді?

Жауабы: « Мемлекеттік Ту »



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көгілдір түсті. Тудың көгілдір түсі ашық аспанды еске түсіреді. Ашық аспан бейбітшіліктің, аманышылықтың, белгісі болған.

Күннің нұр шұғылалы алтын бейнесі-байлық пен берекенің, тыныштықтың нышаны.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туындағы дала қыранының бейнесі –қазақстандықтардың еркіндігінің, тәуелсіздігінің, бостандығының, жомарттығы мен қырағылығының нышаны.

Өрнек-белгілі дәуірдің өзіне тән қолтаңбасы, ол халықтың көркемдік талғамының көрсеткіші.

Мемлекеттік Ту

Республика Президентінің сарайына

Парламенттің, Үкіметтің, министрліктердің, мемлекеттік мекемелердің ғимараттарына

Ұлттық мерекелер кезінде

Әскери адамдар Отанға адал ант берген кезде

Қазақстанның шет елдегі елшіліктерінің ғимараттарына орнатылады

ШӘКЕН ОҒЛАСЫНҰЛЫ НИЯЗБЕКОВ



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы, Қазақстанға еңбегі сінген өнер қайраткері. Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі.

1938 жылы 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келді. В.И.Мухин атындағы Ленинград жоғары көркемөнер өнеркәсіп училищесін бітірген. Алматы қаласының бас суретшісі.

Негізгі шығармашылық жұмыстары: Тараз қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы кинотетардың дизайны (1979, А.Симоновпен, В.Кузьминмен бірге), "Волоколам бағытында. Генерал-майор И.Панфилов пен қолбасы Б.Момышұлы ескерткіші (1985)", "Құрманғазы", "Көбік шашқан", "Кісен ашқан", "Шоқан Уәлиханов", "Мұхтар Әуезов", "Сырым Датов", "Жамбыл", "Ана болу бақыты", т.б. көркем полотнолар. Алматы қаласы елтаңбасының авторы.

Чехословакияда өткен халықаралық байқаудың алтын медалін (1961) және Санкт-Петербургде өткен плакаттар байқауының бірінші жүлдесін (1982) жеңіп алған.

3 – Мәтін

Ұрыс кезінде қолға түскен біздің жауынгерлерді жау офицерлері қанша қинасада, ешқандай мәлімет ала алмады. Ақыр соңында атып тастау жөнінде шешімге келді. Жар басында қатарласа тұрған жауынгерлердің жанарларынан өз Отанына деген сүйіспеншілікті аңғаруға болады. Ажал аузында тұрсада олар өлімнен қорықпай, Отан алдында берген анттарына берік екендігін дәлелдеді. Үкім орындалар алдында жауынгерлер кеудесін кере ұстап әуелете ән шырқады. Ол әннен бүкіл Қазақстан халқы тікесінен тік тұрып тыңдайтын әуен естіліп тұрды. Мылтық даусы шыққанда ән әуені аспанда әлі қалықтап тұрған еді.

Сұрақ: Жауынгерлер орындаған ән қандай ән ?

Қазақстан Республикасының Гимні.

1956 жылы жазылған, толықтырулар және енгізулермен, өлеңді мемлекетті кәнуран деңгейіне жеткізген "Менің Қазақстаным" әйгілі әні 2006 жыл 07 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының әнұраны болды.

ҚР Президенті әнұран мәтініне түзетулер енгізгеннен кейін авторы болып көрсетіледі.

Ресми рәсімдерге әнұранды орындауда кеуденің сол жағына оң қолдың алақаны тұрып қоса тіркеуі керек.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

Сөзі: Жұмекен Нәжімеденов
Нұрсұлтан Назарбаев

Әні: Шәмші Қалдаяқов

Әні: композитор Шәмші Қалдаяқов

Сөзі: Жүмекен Нәжімеденов , Нұрсұлтан Назарбаев .

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Ұрпаққа жол ашқан,
Keң байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Мемлекеттік Гимн

- 1. Жиналыстар мен мәжілістерде;*
- 2. Ескерткіштер орнатылғанда;*
- 3. Шет елдердің мемлекет басшыларын қарсы алғанда немесе шығарып салғанда орындалады.*
- 4. Әнұранды міндетті түрде түрегеп тұрып тыңдайды.*

Қазақстан Республикасының рәміздері

Ту

Шәкен Ниязбеков

**1992 жылы
4-маусым**

Елтаңба

**Жандарбек Мәлібеков
Шот-Аман Уалихан**

**1992 жыл
4-маусым**

Гимн

**сөзі: Ж. Нәжімеденов
Н. Назарбаев
әні: Ш. Қалдаяқов**

**2006 жыл
7-қаңтар**



Менің Отаным – Қазақстан.



Мемлекеттік гимн.

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қ а й ы р м а с ы.
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досыңдай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай.